

Жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жұмыс жоспары

Жазғы сауықтыру кезеңдегі жұмыстың мақсаты мен міндеттері

Мақсаты: жеке ерекшеліктерін ескере отырып психологиялық және дене денсаулығын, демалыс кезіндегі өсіп келе жатқан ағзаның қанағаттануы, шығармашылық іс – әрекеті және қимыл – қозғалысын сақтау және нығайту.

Міндеттері:

1. Балалардың денсаулығын нығайтуға және өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуіне жағдай жасау, сырқаттану мен жарақаттын алдын алу.
2. Жазғы уақыттың қолайлы факторларын (күн, ауа, су) пайдалана отырып балалардың шынығуы үшін жағдай жасау, әр баланың қимыл – қозғалысын белсендете отырып, оптимизм жолы арқылы дене шынығуын жүзеге асыру.
3. Әр түрлі білім сазаларындағы дербестігін, белсенділігін, білуге құмарлық пен танымдық белсенділікті дамытуға бағытталған іс – шаралар жүйесін жүзеге асыру.
4. Балаларға қол жетімді біліммен табиғат және табиғат құбылыстарын кеңейту және нақтылауын ұсыну, объектілері, экологиялық мәдениет негіздерін қалыптастыру.
5. Ойын және тұрмыстық қызмет процесінде серуендеу ұйымдастырылған білім беру қызметі кезіндегі түзету-дамытушылық жұмыстарын жүзеге асыру.
6. Жазғы сауықтыру кезіндегі балаларды тәрбиелеу сұрақтары бойынша ата – аналарды педагогикалық және санитарлық ағарту мәселелерін жүзеге асыру жүргізуді.

I кезең: Ұйымдастырушылық - ақпараттық

Мазмұны	Мерзімі	Жауаптылар
Педагогикалық кеңестің күн тәртібінде жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарының жобасын карау және бекітуге ұсыну.	Мамыр	Менгеруші Әдіскер
Басшылыққа алынатын негізгі нормативтік құжаттардың негізінде жазғы сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін реттейтін нұсқаулық хатты шығару. - жазғы сауықтыру кезеңінің жұмыс жоспарын бекіту; - жазғы кезеңге күн тәртібін енгізу туралы; - жазғы жұмыс жоспары бойынша жұмыс тобын ұйымдастыру туралы; - жазғы мәзір бойынша балаларды тамақтандыруды ұйымдастыру туралы.	Мамыр	Менгеруші Әдіскер
Қызметкерлерге нұсқау өткізу: - балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауды ұйымдастыру; - балалар жаракатының алдын алу; - улы санырауқұлақтар мен өсімдіктерден уланудың алдын алу; - жұмыс орнында еңбек және техника қауіпсіздігі талаптарын орындау; - күн типі және ыстық өту кезінде алғашқы көмек көрсету; - ішек инфекциясы мен тамақтан уланудың алдын-алу; - МДҰ ауласында, гүлзарларда, бау-бақшада балаларды еңбекке баулу кезіндегі қауіпсіздік ережелері; - бұқаралық шараларды өткізу кезіндегі қауіпсіздік ережелері және пандемия кезіндегі шектеулерді сақтау туралы; - спорттық жаттығулар, ойындар мен жарыстарды өткізу кезіндегі қауіпсіздік талаптары; - алғашқы жедел көмек көрсету.	Мамыр Маусым	Менгеруші Әдіскер Медбике
Балаларға нұсқау өткізу:	Мамыр	Әдіскер

- жарақаттанудың алдын алу үшін қозғалыс қауіпсіздігін сақтау туралы түсіндіру;	Маусым	Тәрбиешілер
- табиғатта серуендеу тәртібі туралы; -бөбекжай-бақша аумағында, аулада жүру ережесі.		
Балалармен жазғы кезеңдегі сауықтыру жұмыстарын ұйымдастыруға қажетті әдістемелік, дидактикалық, әдеби бұрыштар жасау және оған қолжетімділікті қамтамасыз ету, таныстыру мақсатында көрме ұйымдастыру	Мамыр	Әдіскер

II кезең. Әкімшілік –басқару бақылау

Әкімшілік – шаруашылық жұмыстары 1) ауланы дайындау: - құм әкелу; - жолда жүру ережесі бойынша қалашық, жүгіру жолдары, қимыл-қозғалыс және спорт ойындарына арналған белгілер салу; - ойын алаңдарын дайындау; - жаздық шатырларды тазалау, әрлеу. 2) спорт алаңдарын дайындау: - құрал-жабдықтарды жанарту, толықтыру (эксперименттік, танымдық, дене шынықтыру және т.б.); - қауіпсіздігін тексеру.	Мамыр	Менгеруші Әдіскер Шар.менгерушісі
Сауықтыру жұмыстарының жүргізілуін бақылау, мерекелік және көпшілік іс шараларының ұйымдастырылуын қадағалау	Жаз бойы	Әдіскер
Күн тәртібінің орындалуын бақылау	Жаз бойы	Әдіскер
Назарға алынған бақылау: - перспективалық жоспардың орындалуы (қажеттілік туындаған жағдайда жетілдіру немесе толықтыру үшін талдау және енгізілген ұсыныстармен бекіту); - күн тәртібін сақтау; - жазғы сауықтыру жұмыстарына ата-аналарды тарту; - жаңа оқу жылына дайындық.	Маусым Тамыз	Менгеруші Әдіскер Медбике
Жедел бақылау: - балалардың өмірі мен денсаулығын қорғау бойынша нұсқаулықты орындау;	Маусым Тамыз	Менгеруші Әдіскер Медбике

- тамактануды ұйымдастыру, дәрумендер, азықтың құнарлылығы; - күн режимі; - белгіленген іс-шаралардың өткізілуі; - құжаттарды жүргізу; - алдын алу іс-шараларын ұйымдастыруға қойылатын талаптардың орындалуы; - қауіпсіздік ережелерінің сақталуы.		
--	--	--

III кезең. Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру

- жазғы сауықтыру іс-шараларына қатысу арқылы педагогикалық процесті бақылау және қажеттілігіне қарай әдістемелік көмек көрсету; - шынықтыру жаттығуларының дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау, қажеттілігіне қарай нұсқама беру немесе түсіндіру жұмыстарын өткізу; - педагогтерді алғашқы көмек көрсетуге дайындау; - серуенде спорттық ойындарды жоспарлау мен ұйымдастыру әдістерін көрсету; - балалар шығармашылығын ұйымдастыру бойынша педагогтердің практикасындағы қиындықтарды анықтау және шешу (әдістемелік көмек, кеңес беру, тренинг, семинар және т.б); - топтардағы заттық-кеңістіктік ортаның қолжетімділігі мен дамытушылық талаптарға сәйкестігін қадағалап, жетілдіріп отыру.	Маусым Шілде	Әдіскер Медбике
Танымдық қызметі: 1. Дидактикалық ойындар 2. Топырақтың сыры (топырақты зерттеу) 3. Жұмбақтар әлемі 4. Судың қасиеттері (зерттеу жұмысы) 5. «Жаз – мезгілінің пайдасы» (танымдық кеш)	02.06.2023 15.06.2023 01.07.2023 21.07.2023 16.08.2023	Тәрбиешілер
Көркем – шығармашылық қызметі: 1. «Рәміздер күні» 2. «Ертегі әлемі» ойын-драматизациялар 3. «Мен өнерлі баламын» өз өнерлерін	Маусым Шілде Тамыз	Тәрбиешілер

көрсету 4. «Туған жерім» викторина 5. «Жазғы бір айым» фото коллаж		
Семинар: 1. «Жаздағы шынықтыру жүйесі». Семинар – практикум: 1. «Мектеп жасындағы балалардың жас ерекшелігіне сәйкес спорттық ойын түрлері және оларды ұйымдастыру талаптары, ерекшеліктері».	Жыл бойы	Әдіскер
Қауіпсіздік шараларына байланысты ақпараттандыру жұмыстары 1. Ата-анарға арналған ақпараттық бұрыш ұйымдастыру - буклеттер; - инфографикалық ақпараттық парақшалар; - кітапшалар; - электрондық ақпарат көздеріне сілтеме. 2. Санитарлық бюллетендер шығару: - «Ішек жұқпасы»; - «Кене энцефалиті»; - «Ойын алаңдарында қауіпсіздік ережелерін сақтау»; - «Көкөністер, жемістер. Дәрумендер».	Жыл бойы	Жыл бойы
Педагогтердің сұранысы бойынша әлістемелік көмек, кеңес беру	Жыл бойы	Жыл бойы

Дене шынықтыру-сауықтыру жұмыстары

Балалар денсаулығы мониторингі	Мамыр	Тәрбиешілер
Білім беру салаларын кіріктіру арқылы балалардың белсенді қозғалысын ұйымдастыру - сергіту сәттері.	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Антропометрикалық өлшемдерді жүргізу	Жоспар бойынша	Медбике
1. Спорттық ойын, жарыстар: - спорттық ойындар; • «Дені сау – жас ұрпақ» спорттық марафон • Қимылды ойындар күні, • «Шынықсан шымыр	Жаз бойы	Менгеруші Әдіскер тәрбиешілер

боласын» спорттық ойындар: • Көңілді ойындар; • Спорттық ойын-сауық; • Таза ауада жаттығулар; • «Күн, ауа және су-біздің жақсы достарымыз»; • Спорттық көңіл көтеру - спорт жарыстары; - эстафеталар. 2. Қимыл-қозғалыс белсенділігін арттыруға арналған ситуациялық ойындар. 3. Спорт мерекелері ««Қыстың жаз» • 4. Мерекелер мен ойын-сауықтарды ұйымдастыру кезінде спорттық сайыстар өткізу (мүмкіндігінше таза ауада).		
Шынықтыру жүйесіне сәйкес әзірленген күні бойы шынығу: - дозаланған күн ванналары; суға шомылу; массаж жолдарымен жаяу жүру, өзіне массаж жасау, ауа ванналары, терезені ашып қойып ұйықтату; - ауызды және тамақты шаю; - ауыз-су режимі; - ауқымды жуыну; - аяқты шаю; - тыныс алу жаттығулары.	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Арнайы жаттығулар: - түзету жаттығулары; - майтабандылықтың алдын алу; - дене сымбатының бұзылуының алдын алу; - артикуляциялық жаттығулар; - тыныс алу жаттығулары; - ұсақ моториканы дамыту жаттығулары.	Жаз бойы	Тәрбиешілер
Балалармен әңгімелесу: - «Денсаулық сағаты».	Жаз бойы	Медбике
Серуенде балалардың физикалық денсаулығын нығайту үшін жеке және шағын	Жаз бойы	Тәрбиешілер

топтарда ірі моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасау		
Күнделікті тағамдарды дәрумендендіру	Жаз бойы	Медбике Аспаз

Байқаулар

1. «Аландарды эстетикалық түрде рәсімдеу» байқауы 2. «2022 жыл сәні» (жазғы коллекция, маталардан костюдер) байқауы. 3. Құмнан салу байқауы.	Маусым Шілде тамыз	Әдіскер Тәрбиешілер
--	--------------------------	------------------------

Ата –аналармен жұмыс

Топтарда ата – аналар бұрышын рәсімдеу :		
1. Жазғы кезенге күн тәртібі;	Маусым	Тәрбиешілер
2. Жазғы жағдайда бала ағзасын шынықтыру	Шілде	Тәрбиешілер
3. Қалай баланы бала бақша жағдайына еш қиындықсыз бейімдетуге болады.	Тамыз	Психолог
Қозғалмалы тақырыптық папкаларды рәсімдеу:		
• Күн өтудің алдыналу;	Маусым	Медбике
• Жол – көлік апаттарының алдын алу.	Шілде	Тәрбиешілер
Кенестер:		
• Асiшек инфекциясының алдын алу.	Маусым	Медбике
• Балалардың шығармашылығын дамыту.	Шілде	Тәрбиешілер
• Таңғажайып ашу.	Тамыз	Тәрбиешілер
Бейімделу кезеңіндегі ата – аналармен қызмет:		
• Бейімделуге ауыр дәрежесі бойынша балалардың ата – аналарымен әңгімелесу.	Шілде	Психолог
• Ағартушылық жұмыс (жалынамалар, ұсынымдар)	Жыл бойы	Тәрбиешілер
• Ата – аналардың өтiнiмдерi бойынша кенестер, жеке әңгімелесулер.	Шілде	Психолог Тәрбиешілер
Сабын көпіршіктер күні	Маусым	Тәрбиешілер
Қойылым «Балаларға ертегі сыйла!»	Шілде	Тәрбиешілер
Достық кездесу «Доппен ойнаймыз»	Тамыз	Тәрбиешілер

Балалармен жұмыс

«Алақай, жайдарлы жат келді» жазғы-сауықтыру жұмыс жоспарының шеңберінде:

- психо-эмоционалдық жайлылық қалыптастыру;
- өз-өзіне қызмет ету дағдыларын, өзіне сенімділігін, дербестігін дамыту;
- денсаулығын күтуге үйрету, шынығуға жаттықтыру;

- бала тәрбиесіндегі халық ауыз әдебиетінің маңызын ескере отырып, баланың

ертегілер мен кітаптарға қызығушылығын қолдау;

- балалардың пікірін, идеяларын ескеру;

- бірге ойнау дағдыларын, еңбек әрекеті дағдыларын, тазалықты, тәртіптілікті,

ұйымшылдықты, ойлауды, қабылдауды, сурет салуды және басқа дағдыларды

меңгертуді ойын нысанында іске асу;

- педагогтің алдын ала жоспарлаған әрекеттерін орындап қана қоймай, баланың

қызығушылығына көңіл бөліп, күнді өзі таңдаған белсенділік түріне қарай құру;

- әлеуметтік-эмоциялық дағдыларын дамыту.

Маусым айы

«Жайдарлы жаз келді!»

№	Іс – шара тақырыптары	Мерзімі	Жауаптылар
1	I апта «Бақытты балалық шақ» «Бақытты балалық шақ» <i>Балаларды қорғау күніне мерекелік іс шара ұйымдастыру</i>	01.06.2023 ж 02.06.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Әңгімелесу «Менің сүйікті бала бақшам»		
3	Сахат: «Сүйікті ауылым!»		
1	II апта «Жас із - кесушілер» Ойын – сауық кеш: «Із кесушілер»	05.06.2023 ж 09.06.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Ойын «Менің сиырлы сандығым»		
3	Ойын «Басшаға біз барамыз, көкөністер аламыз»		
4	Ойын-сауық кеш: «Біз бақытты баламыз!»		
5	Сурет көрмесі «Мен суретші баламын» асфальтке сурет салу		
1	III апта «Жазда келді, көңілді» Кітаптар оқу, ашық хаттар, альбомдар қарау. <i>Жол жүру ережесі туралы әңгімелесу.</i>	12.06.2023 ж 16.06.2023 ж	Тәрбиешілер
2	• Мереке «Жазды көңілді қарсы ал және жолда жүру ережесін сақта».		
3	• Жаяу жүргінші сахаты.		
4	Қимылды ойындар «Қызыл, сары, жасыл» түс		
5	Ойын «Балық аулау»		
1	IV апта «Кәуіпсіз жаз»	19.06.2023 ж 23.06.2023 ж	Тәрбиешілер
2	• «Жеті түсті гүлдер» бақылау, ойындар, әңгімелесу.		
3	• «Өз қолымен жасалған гүлдер» сурет салу, құрастыру.		
4	• Үздік бишілер: Таза ауала көңілді билер		
5	• «Ауладағы гүлдер» ойындар, «Ертегілер қонақта» ертегіні тыңдау, драматизациялау		
1	V апта «Менің достарым!» Кітаптар оқу, ашық хаттар, альбомдар қарау. <i>Достары туралы әңгімелесу.</i>	26.06.2023 ж 30.06.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Достар күні: «Достық күнті, ол бұзылмайды» сауық кеш ұйымдастыру		
3	Байқау: «Серілер турнирі» жігіттер арасында сайыс ұйымдастыру		
4	Сахнадау: «Менің досым» қуыршақ театры		
5	Ойын: «Қырықаяқ» эстафеталық сайыс		

Шілде айы

«Ғажайыптар әлемінде!»

1	I апта «Гүлденген табиғат» Ойын сауық кеші: «Зиянды – сіңділер – зиянды әдеттер»	03.07.2023 ж 07.07.2023 ж	Тәрбиешілер
2	«Сыпайы сөздер әлемі» (сайыстар мен жарыстар)		
3	Викторина «Мейірімді болындар»		
4	Ойын: «Күн сәулесінің қауіпі мен пайдасы»		
5	Саяхат: орталық саябаққа серуенге шығу.		
1	II апта «Анам, әкем және мен – тату – тәтті отбасы!» «Әкем, шешем және мен» отбасылық сайыс	10.07.2023 ж 14.07.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Отбасы күні: «Менің бақытты отбасым»		
3	Кітаптар оқу, апық хаттар, альбомдар қарау. <i>Отбасы туралы әңгімелесу.</i>		
4	Көрме: «Өз қолыммен жасаймын» ата – анасына арналған сыйлық жасау		
5	Спорттық мереке: «Олимпиадалық ойындар»		
1	III апта «Жазғы сайыстар!» Ойын: «Жұлдызшы гномдар қонақта»	17.07.2023 ж 21.07.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Сауықтыру шарасы: «Су патшалығы» қойылымдық ойын		
3	Спорттық ойын – сауық: «Кім етті?»		
4	Су шашу ойындары		
5	Ойын – сауық: «Жұлдызға көмектесу»		
1	IV апта «Ойын ойнап ән салмай, өсер бала болама!» Сауықтыру шарасы: «Ауа су, жер от»	24.07.2023 ж 28.07.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Байқау: «Өнерлі бала» ән – би байқауы		
3	Ойын сауық: «Алтын балық қонақта»		
4	«Бала княды» асфальтке сурет салу		
5	Қауіпсіздік шарасы: «Үш көзді дос»		

Тамыз айы

«Мен және менің әлемім!»

1	I анта «Ас атасы - нан» «Мен өзім жасай аламын» тұзды камырмен тәтті нан (торт) жасау	01.08.2023 ж 04.08.2023 ж	Тәрбиешілер
2	«Ерте, ерте, ертеде» ертегі оқып беру		
3	Сахналық қойылым: «Еңбекпен келген нан тәтті»		
4	Ермектәзбен жұмыс: ұнанан жасалатын тағамдар жасау		
5	Ойын сауық кеші: «Қазына аралы»		
1	II анта «Мен және қоршаған орта!» Сәбианды көпіршік мерекесі	07.08.2023 ж 11.08.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Спорт алаңына саяхатқа шығу		
3	Сауықтыру іс шарасы: «Жер, су, ау»		
4	Тұтан күн мерекесі: «Бір жылдағы ең керемет күн»		
5	«Бағбанның мен диканшы» ертегі оқып беру		
1	III анта «Өнер көзі халықта!» Ойын – сауық: «Мен өнерлі баламын»	14.08.2023 ж 18.08.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Танымдық ойын: «Дымбілестің ертегі саяхаты»		
3	Актерлік шеберлік байқауы		
4	Сахналық қойылым: «Күн мен түн»		
1	IV анта «Ғажайыптар әлемінде!» Ғарышкер күні: «Аспан әлемі» бейнеролик көрсету	21.08.2023 ж 25.08.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Жас суретші күні: «Сыңарлы саусақтар» дәстүрден тыс сурет салу әдісімен		
3	Спорт күні: «Шынықсан шымыр боласын»		
4	Сүмен ойын: «Қауыдағы жаттығулар»		
5	Құм терапиясы: «Мұнара»		
1	V анта «Ғажайыптар әлемінде!» Кітапханаға саяхат жасау: «Кітаптар сөйлейді»	28.08.2023 ж 31.08.2023 ж	Тәрбиешілер
2	Ертегі күні: «Ертегі кейіпкерлері бізде қонақта»		

Әдіскер:



Жылысбаева Р



2023 жылғы жаңғысу уақыты кезеңінің «Қарлығаш» ортаңғы тобынан ұйымдастырылатын оқу қызметінің кестесі

Апта күндері	Дүйсенбі	Сейсенбі	Сәрсенбі	Бейсенбі	Жұма
Денсаулық Дене шынықтыру-3	9:10-9:30 Дене шынықтыру		9:10-10:30 Дене шынықтыру		9:10-9:30 Дене шынықтыру
Қатынас Көркем әдебиет-0.5		9:10-9:30 Көркем әдебиет 1/3			
Таным Жаратылыстану-1				9:10-9:30 Жаратылыстану	
Шығармашылық-3 Сурет салу- 1 Мүсіндеу 0,25 Жапсыру 0,25 Музыка-1,5	9:40-10:00 Сурет салу			9:40-10:00 Мүсіндеу 1 Жапсыру 3 Музыка 2/4	9:40-10:00 Музыка
Әлеумет-0,5 Қоршаған ортамен танысу		9:10-9:30 Қоршаған ортамен танысу 2/4			
Жалпы оқу қызметінің ұзақтығы 15-20 минут Ұйымдастыру оқу қызметінің жалпы сағат саны 8 сағат					

Тәрбиешілер: Галиева Б
Сейтқалимова А